




ӘЛ-ФАРАБИ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ФИЗИКА ТЕХНОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ



**Менің мамандығым – менің жарқын
болашағым**

Орындаған: Асқарұлы Абдулғафур

Қабылдаған: Садықова Назира Марғұшқызы

**Менін тандаған мамандығым: Инженер саласы. Соның
ішінде Материалтану және жаңа материалдарды зерттеу.**

Мамандық деген не?

Мамандық— қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді.


Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.



**Ең қиын мамандық - адам
боп қалу.
Хосе Хулиан Марти**



Неліктен мен бұл мамандықты таңдадым?



**Мамандық – бұл біздің
өміріміздің жартысы**



**Жұмыссыздық – мемлекеттің
өзекті мәселесі**



**Мамандыққа сұраныс тез
өзгеруде**

Мамандықты дұрыс таңда!

Дәл қазіргі уақыт біздер үшін маңызға ие, қандай жоғарғы оқу орнына түсіп, қандай мамандық тандаймын деген маңызды сұраққа жауап іздейтін, болашақты бағдарлайтын кездеріміз де тақалып қалды.

Мұндай өмірлік сұрақтар ойланып, толғанып барып шешім қабылдауды қажет етеді. Білім алу бүгінгі таңда маңызды болып отыр. Оқу- адамның болашағын айқындайды. Сапалы білім беретін оқу орнын таңдау- болашаққа жасалған сенімді қадам. Себебі білім – бұл болашақта өзін міндетті түрде көрсететін жасырын қазына. Сол себепті мамандық тандағанда, тек мамандықты ғана емес, сонымен бірге білім берудің жоғары сапасын және дипломның басқа елдерде де қолданылуын қамтамасыз ете алатын жоғарғы оқу орнын да таңдау күрделі іс екенін біз білеміз. Бұл мектеп бітіруші әр түлектің басына туатын бір кезең. Осыдан бастап әр азамат пен азаматшалар өздерінің болашағын, арман- мансаптарын болжай бастайды.

Мамандық таңдау-өмірдің ең қиын, әрі ең маңызды шешімдерінің бірі. Мамандық таңдау-сені үлкен өмірге жетелейтін көптеген баспалдақтардың алғашқысы. Дұрыс таңдалған мамандық-болашақтағы бақытты өміріңнің кепілі. Бүгінде мен де осы маңызды шешімді қабылдаудың шегіне жеттім. Мамандық таңдаудың алдында қатты қиыншылықты басымнан өткердім. Отаным, Қазақ жерінің атын барша әлемге танытқым келеді деп өзіме арман етіп, мақсат қойғанмын. Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», - деп халқымыздың ұлы ақыны, ойшылы, сазгері, қара сөздің қас шебері Абай Құнанбаев атамыз айтып кеткендей, кез келген адам «Өмір» деген атты дүнеде өз орнын табуға тырысады, яғни өседі, көреді, өнеді, тәрбиленеді. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» демекші, қалаған мамандықтарының қызығын көреді.

Балалық шақта кішкене сәби жүрек қиялшыл, жақсыға құмар еліктегіш болып келеді.

● Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Әр адам өмірінде бір мамандықтың иесі болуға тиіс. Ол үшін көп еңбектену керек. Ең алдымен адам өз мамандығының қыр-сырын үйренуге міндетті. Қай мамандық болсын, адамға көптеген талаптар қояды.

Жақсы маман, яғни инженер, экономист, ғалым, менеджер, сәулеткер, маркетингші, есепші, аудитор, оқытушы болу үшін жақсы оқу қажет.

Ал жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы, металлург, жүргізуші, балташы, тоқымашы, тігінші болу үшін өндірісте жақсы істеу керек. Ауыл шаруашылығында жұмыс істесең, онда сенің бақташы, диқан, шопан, сауыншы, бағбан, омарташы атанарың анық. Ал, аяқ киім жөндеуші, сатушы, шаштараз, сағат шебері, зергер болу үшін тұрмыстық қызмет көрсететін салада істеу керек. Өнер саласына жататын мамандықтар: әнші, биші, музыкант, композитор, режиссер, т. б.

Қазіргі заманда болашақ мамандарға қойылатын талаптардың бірі – оның теориялық білімі мен іскерлік қасиеттерін ұштастыра білуі. Сонда ғана ол жақсы жұмысқа орналасып жұмыссыз қалмауы мүмкін.

Мамандық таңдау факторлары



Менің болашақта таңдаған мамандығым инженер саласы. Инженер еңбегі ең әуелі материалдық өндірісте пайда болды, өнеркәсіпте, транспорт пен байланыс, құрылыс саласында қолданыс тауып, қанат жайды. Бүгінгі заманда ғылым мен техниканың шарықтап дамуы барысында инженерлік еңбек экономиканың барлық саласынан бастап, ақпараттық әлем, білім, мәдениет, өнер, тұрмыс, т.б. қысқасы, өмірдің бүкіл өңірін тұтас қамтыды деуге болады. Яғни, бүгінгі қоғамды инженерлік еңбектен тысқары қарастыруы мүмкін емес. Инженер еңбегі дүниедегі барлық елді, ұлттар мен ұлыстарды қамтып, өмірдің барлық саласына етене қабысып араласып кеткен бүкіл - әлемдік, бұқаралық, әмбебеп құрылысқа айналды.



Инженер деген кім?

Инженер — инженерлік іспен айналысатын, ғылыми білімді, математиканы және өнертапқыштығын қолданып, техникалық, қоғамдық және коммерциялық проблемалардың шешімін табумен айналысатын маман. Инженерлер материалдарды (заттар), құрылымдарды және жүйелерді олардың тиімділігі, заңға сәйкестігі, қауіпсіздік мәселесі және бағасы себепті туындайтын шектеулерді ескере отырып жобалайды. *Инженер* сөзі латынның *ingeniare* ("ойлап шығару, өнертапқыштық") және *ingenium* ("ақыл, дарын") сөздерінен алынған.

Инженердің жұмысы — ғылыми жаңалықтар және олардың адамзат қажеттілігі мен өмір сапасын жақсартуда қолданылуы арасындағы байланысты қалыптастыру.



Инженерлердің түрлері

- 1. Химия инженериясы**
- 2. Құрылыс инженериясы**
- 3. Электр инженериясы**
- 4. Механикалық инженерия**
- 5. Metallургиялық инженерия**
- 6. Компьютерлік инженерия**

Химиялық инженерия

Химиялық технология — табиғи шикізаттарды (көмір, мұнай, табиғи газ, ағаш, тағы басқа) химиялық жолдар арқылы тұтыну мүліктеріне және өндіріс құралдарына айналдырудың экономикалық тиімді әдістері мен процестері жайындағы ғылым.

Механикалық инженерия

Машина жасау - негізінен машиналарды, сонымен бірге механизмдерді, құралдарды және олардың жеке бөліктерін дайындайтын, өнеркәсіптің өндеу салаларының кешені.

Көліктік машина жасау - негізінен көліктік машиналарды, құрамдарды және олардың жеке бөліктерін дайындайтын машина жасау саналарының кешені.

Металлургиялық инженерия

Металдарды кен орындарынан шығарып алуға және жаңа материалдар дамытуға маманданған, сондай-ақ металл қорытпаларға олардың химиялық құрамы мен құрылымын өзгерту арқылы қажетті қасиеттер беру процестерін қамтитын саласы.



Қорытынды

Инженерлер мен ғылымдардың ынтымақтаса жұмыс жүргізуінің жолы - өндірістегі инженерлер мен жоғары техникалық оқу орындарындағы ғалымдардың бірлесе ғылыми – техникалық зерттеулер жүргізуі болып табылады. Оқу сапасы өндіріс пен ғылым ұштасқанда ғана жоғары болатыны белгілі. Техникалық оқу орындарының ғалымдары өндіріс тапсырысы бойынша зерттеулер жүргізеді. Оған өндірістегі инженерлерді, өздері оқытып жүрген студенттерді тартады. Қазақ ұлттық техникалық университетінің, басқа техникалық оқу орындарының тәжірибесі мұндай бірлесудің өміршендігін әбден дәлелдеп отыр. Инженерлер мен ғалымдарың бірлесе отырып зерттеулер жүргізуі – ғылыми – техникалық басты көздерінің біріне айналуда.

Өнім өндіретін де, ілгері ұлттық ғылымның негізін қалайтындар да осы инженерлер. Жаңа техника, технологиялар заманында елімізді өркениетті елдердің қатарына қосатын да солар. Сондықтан да жерінің асты да, үсті де бай Қазақстан сияқты алып елге білімді инженерлер керек екені даусыз.



**Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**

